

УДК 4414

**Қазақстан әскерлерінің шетелдегі қарулы қақтығыстарға қатысуы**

**Бердібек Ғалия Ерғалиқызы**

*[Galiya.ergalikyzy@gmail.com](mailto:Galiya.ergalikyzy@gmail.com)*

Астана қаласы, Еуразия Ұлттық Университетінің Заң факультеті,

Халықаралық құқық кафедрасының 2 курс студенті

Ғылыми мақала жетекшісі - Қарабаев Ф.Ж

*Қарастырылатын мәселелер:*

- Қазақстан әскерлерінің бүгінгі жағдайы;
- Халықаралық аренадағы Қазақстан әскерлерінің орны.

**«1992 жылғы 7 мамырда менің жарлығыммен тарихымызда алғаш рет біздің еліміздің қарулы күштері құрылды... Осы қысқа тарихи кезеңде біз өз армиямызды құрдық, әскери бөлімдерден бастап, олардың жұмысына шешім қабылдадық, жаңа доктринаны бекіттік, біздің әскерлерімізді жабдықтадық. Бүгінде олар тәуелсіз мемлекеттің құрметті құрамдас бөлігі және біздің уақыттағы дайындалған және жабдықталған әскерлердің бірі болды»**

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Табиғаттың адамзатпен байланыс орнатқан кезеңінен бастап әлемде бір-бірімен татулық орнату ұғымы қалыптаса бастады. Ақ пен қара қатар жүретін қоғамда татулықпен қатар соғысу, жауласу ұғымы да кең қанат жая бастады. Тас дәуірінен бастап тобыр болып бірігіп, әлі жеткен әлсізді жеңетін немесе қарсыласса соғысатын заман қанша ғасыр өтсе де жалғасын тауып келе жатыр.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ елі айбатты да қайсар батырларымен мақтанатын халық. Осы кезге дейін еліміз көптеген қиыншылықтардан білектің күшімен, найзаның ұшымен өтуде. Қазақ хандығының тұсынан бастап қазақ әскерлері бірауыздан бірігіп, жаугершілік заман осы кезге дейін еліміздің тұғырын сақтап, тәуелсіз мемлекет болуға бар күш-жігерлерін салды.

Жиырмамыншы ғасырдың аяғынан басталған тәуелсіздіктің арайлап атқан таңына биыл жиырма сегіз жыл. Жиырма сегіз жылда біздің мемлекет шет елдік көршілермен тығыз қарым-қатынаста болып, әскери байланыстар жасап отырды. Қазақстандық әскерлер ұзақ құрылымды қажет етпеген, Кеңес Одағының әскери күшінің тәртібімен қалыптасқан, сол тәртіпті жалғастырушы жүйе болуда. Тоқсан екінші жылдан басталған Қазақстанның Қорғаныс Министрлігіндегі әскери құрылым КСРО кезеңіндегі Түркістан әскери округының жанынан құрылған әскердің жалғасы болып табылды. Қазақстандық әскерлер жаңа құрылған, тәуелсіз ел болғандықтан КСРО негізіндегі ұстанымды қабылдап, жұмыстар жүргізіле бастады. Негізінде, әскери қауіпсіздік жүйесінің мақсаттары мен міндеттері сәйкес келмейтін бұл жүйе, кейбір объективті үрдістерді есепке алмағанда, жиырма жылдан кейінгі елге керек қарулы күштерді құруды жоспарлай бастады. Әскери – саяси басшылықтың алғашқы міндеттерінің бірі қарулы күштерді оңтайландыру болды. Реформаның он жылының нәтижесінде қорғаныс министрлігінің бөлімшелерінің саны жүз жетпістен жетпіске қысқарды. Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің дамуы ретіндегі бір бағыты – ядролық қарудан бас тарту. Сонымен қатар біздің еліміз Ресей Федерациясынан кейін 1994 жылы Украина және Белоруссияға, Құрама

Штаттар мен Біріккен корольдік қауіпсіздік кепілдігіне қол қойды. Сол келісімдердің негізінде барлық ракеталар, бомбалар мен әскери жабдықтар Ресейге беріліп, қайтарымына ресейлік әскерлерді Қазақстанға көшіруді іске асырды. Ядролық қарумен қатар еліміз 2007 жылғы 7 мамырда бактерологиялық және токсинді қаруды әзірлеуге, өндіруге және жинауға, оларды жоюға тыйым салу туралы Конвенцияны ратификациялады. Бұл өзгерістермен қатар қару-жарақтарды жаңарту туралы шешім қабылдады.

Бір ғасырдың үштен бір бөлігін өткерген Қазақстандық әскери жүйе жаңадан құрылып жатса да көптеген жұмыстарды атқарды. Қоғамның, тіпті бүкіл әлемнің мәселесіне айналған Ауғанстан, Ирак және Сириядағы жағдайлар азия халқы үшін көптеген қиындықтар тудырды. Сол мақсатта біздің әскерлер әлемдік әскерлермен бірлескен жұмыстар атқара бастады. Террористік ұрыс-қимылдарға қатысқан бірқатар Қазақстандық азамат туралы деректер шыға бастағаннан кейін еліміз шұғыл әрекеттерге көше бастады. Осы фактілерге байланысты құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қылмыстық істерді қозғап, олардың жекелегендері бойынша соттық үкімдері шығарылды. Басқа мемлекеттерге біздің әскерлер жіберіле бастады. Қазіргі уақытта да біздің азаматтарымыздың шиеленіс аймақтарына, соның ішінде азғырып көндірумен және ұрыс қимылдары аймағына тілек білдіргендерді жөнелтумен айналысатын тұлғалардың көмегімен шығу талпыныстарына тосқауылдар қойылып, әскерлеріміз барынша қатаң тәртіпті ұстануда.

«Қазақстандықтардың шетелдегі соғыстарға қатысуы көбейіп, отандастарымыз елден кетуге ұмтылуда» деген дабыл Қазақстанға да жеткеніне біраз уақыт өтті. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Ауғанстан, Ирак және Сирия аумағында ұрыс қимылдарына қатысатын бірқатар Қазақстан азаматтары туралы объективті ақпараттардың қолда бар екенін хабарлауда. Сонымен қатар азаматтарымыздың шетелдегі «ыстық нүктелер» аталатын жерлерге, соның ішінде азғырып көндірумен және ұрыс қимылдары аймағына тілек білдіргендерді жөнелтумен айналысатын тұлғалардың көмегімен шығу талпыныстары жалғасып жатыр. Осы мақсатта шет елдегі біздің әскерлер барынша қарсылықты жұмыстарды жойып, жұмыстар атқарды.

Ауғанстан, Ирак және Сириядағы соғыстардың зардабы аздай, Украинадағы шиеленістер бізге зиянын тигізбей қоймады. Қазақстандық ведомствалық агенттіктердің хабарлауынша, жекелеген азаматтардың Украинаның оңтүстік-шығысындағы қарулы жанжалға қатысуға барғаны туралы мәліметтер анықтала бастады. Бұл фактілер бойынша құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қылмыстық істер қозғап, тергеп, олардың жекелегендері бойынша соттың айыптау үкімдері шығарылды. Бұл жолы да біздің елдің әскерлері тек Қазақстанның азаматтарын ғана қорғауға күш салмай, әлемдік тыныштықты орнатуға әрекеттер жасады.

Әр нарсенің өз өтеуі бар болғандықтан, жасаған қылмыстардың да өз жазасы бар. Осындай әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық

кодексіне сәйкес қылмыстың ауыр түрі болып саналады. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 162-бабымен жалдамалық, яғни, жалдамалыны азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру, сондай-ақ қарулы жанжалды пайдалану және қатысуы өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейінгі қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғылатыны белгіленген. Қылмыстық кодекстің 162-1-бабына сәйкес, жалдамалық белгілері болмаған кездің өзінде шет мемлекеттің аумағындағы қарулы қақтығыстарға немесе әскери әрекеттерге құқыққа сыйымсыз қатысу да қылмысқа саналады. Бұл әрекет үшін қылмыскер болып танылатын тұлғаға жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершілік көзделген. Жағдайды ескере отыра, шет елдегі қазақ әскерлерінің дәрежесін асыру мақсатында мемлекет шаралар ұйымдастыруда. Сонымен қатар, құқық бұзушылық сипаттағы кез-келген сигналдар құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың тексерісіне ұшырайтыны қатаң түрде ескертілуде. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жоғарыда көрсетілген баптарындағы қылмысты жоспарлағаны немесе жасағаны туралы объективті ақпарат бар адамдардың барлығы-бірі қалмастан-қылмыстық қудалауға ұшырайтын болады.

Елдің мықты әрі берік болуы басшысына тығыз байланысты. Басшы елді басқарумен қатар әскерлерді орналастыру, жинақтау қызметтерін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Президенті :

-Соғыс кезінде ішкі әскерлердің қорғаныс саласындағы міндеттерін айқындайды;

-Ішкі әскерлер Бас қолбасшысын қызметке тағайындайды, қызметтен босатады;

-Ішкі әскерлердегі мерзімді әскери қызметке адамдарды кезекті шақыру туралы және мерзімді қызметтің белгіленген уақытын атқарған әскерлердің әскери қызметкерлерін запастық қызметке жіберу туралы жарлық шығаруды жүзеге асырады. Елбасына артылған істермен қатар мемлекеттік әскерлерге де міндеттер жүктеледі. Қазақ Қарулы күштерінің жиырма жылдық тарихында жеткен жетістіктері өте көп. Іске асырылатын жағдайларға байланысты қазақстандық әскерлердің атқаратын міндеттерінің қатарына бес түрлі іс-әрекеттерді айта аламыз:

1. Демократия стандарттарына көшу, оның қатарында: азаматтық министр, азаматтық бақылау, ашықтық қасиеттерін негіз ретінде аламыз.
2. Білім беру стандарттарына көшу. Бұл міндеттің мақсаты: офицерлік кадрларды халықаралық кредиттік жүйеде оқыту және бакалавриат, магистратура, докторантура, ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу.
3. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылысын реформлауда қатысу: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін саяси орган ретінде беру және әкімшілік функцияларды мақсаттар мен міндеттерге,

аумақтық үлесті өзгертуге, аймақтық командаларды құруға, көшуге регламенттейтін бөлек әскери басқару органына тапсыру, келісімшартқа қызмет көрсету, біржылдық қызметке өту, сержант корпусын оқыту.

4. Мақсатты өзгерістерді атқару, яғни біріккен топтардың, олардың қатарындағы ҰҚШҰ, Ауғанстандағы НАТО бөлігі ретіндегі терроризмге қарсы күрес, төтенше жағдайларда көмек көрсету, Қазақстанның басқа қауіпсіздік күштерімен бірлесіп әрекет етуі бойынша Қарулы күштерді пайдалану.
5. Техникалық жаңғыртуды жүзеге асыру: компьютерлендіру, басқарудағы жаңа технологияларды қолдану, жабдықтар мен қаруды жаңғырту, заманауи қару-жарақпен жабдықпен жабдықтау, халықаралық ынтымақтастық.

Қорытындылай келе, отаншылық, отансүйгіштік, патриотизм – адамның отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Көшпелі қазақ өркениетінде отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі саналады. Қазіргі кезде Қазақстан өмірінде “қазақстандық патриотизмді” қалыптастыру және оны азаматтардың ой-санасына сіңіруді мемлекеттік дәрежеге көтергенімен, отаншылдық ой-сананы қалыптастырудың шешілмеген мәселелері бар.

Қазақстандық патриотизм – ел азаматтарының республиканың бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы еңбегі мен күрескерлігі іспетті. Ал отаншылдық – елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ.

Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың: “Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн”- деген сөзі әрбір қазақты ойландыратыны анық дүние. Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан арна тартады. Ұмытпауымыз керек, мықты әскер қайсар сарбаздардан тұрады. Ал сол қайсарлық тәрбиеден пайда болады, сол себепті барлығы тал бесіктен басталатын заманда барлығына өзіміз жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек!

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. [https://www.inform.kz/kz/kazakstandyktardyn-sheteldegi-karuly-kaktygystarga-katysuy-kr-zany-boyynsha-kylymys-bolyp-tabylady-bas-prokuratura\\_a2711562](https://www.inform.kz/kz/kazakstandyktardyn-sheteldegi-karuly-kaktygystarga-katysuy-kr-zany-boyynsha-kylymys-bolyp-tabylady-bas-prokuratura_a2711562)
2. <http://www.infoportal.kz/node/6841>
3. [https://mod.gov.kz/kaz/struktura/vooruzhennye\\_sily\\_rk/?cid=3&rid=120](https://mod.gov.kz/kaz/struktura/vooruzhennye_sily_rk/?cid=3&rid=120)
4. <http://expert.ru/kazakhstan/2012/19/20-let-transformatsii/>
5. <https://bankreferatov.kz/otansogusu/1807-2011-05-09-05-48-39.html>